

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Қ.И.СӘТБАЕВ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТ  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ  
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМШІЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ТЕХНИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ имени К.И. САТПАЕВА  
ФОНД ПЕРВОГО ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН - ЛИДЕРА НАЦИИ  
АКИМАТ г.АЛМАТЫ

MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
KAZAKH NATIONAL TECHNICAL UNIVERSITY named after K. SATPAYEV  
THE FOUNDATION OF THE FIRST PRESIDENT OF THE REPUBLIC OF  
KAZAKHSTAN – THE LEADER OF THE NATION  
ALMATY CITY AKIMAT



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАНДЫРУ  
және КОНЦЕПЦИЯ

ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ  
и КОНЦЕПЦИЯ

INFORMATIONAL ANNOUNCEMENT  
and CONCEPT

Алматы 2014

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі және Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті 2014 жылғы 22-23 қазанда Қазақстан Республикасы тұңғыш Президенті - Елбасының қоры және Алматы қаласы әкімшілігінің қолдауымен университеттің 80 жылдығына орай «XXI ғасырдағы инженерлік білім және ғылым: проблемалары мен келешегі» деген тақырыпта Халықаралық форум өткізеді.

Форум әлемдік және жалпыұлттық пікір алысу, өзара байланыс орнату, көрме ұйымдастыру, сондай-ақ инвестициялық, серіктестік және ақпараттық алаң ұстанымдары негізінде өтеді.

Форумның мақсаты - «Қазақстан – 2050» Стратегиясының және Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық дамудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының міндеттерін іске асыру аясында XXI ғасырда заманауи инженерлік білім мен ғылымды дамыту бойынша тұжырымдамалық көзқарастарды қалыптастыру.

Форум пленарлық баяндамалар және секциялық мәжілістер түрінде мына бағыттар бойынша өткізіледі:

*I. Өндірістің мұнай-газ және таукен-металлургия салалары: инженер кадрларын дайындау және инновациялар*

*II. Ақпараттық, телекоммуникациялық, нано- және ғарыштық технологиялар салаларына инженер кадрларын дайындау және инновациялар:*

*III. Агломерация, көлік, дәстүрлі және альтернативті энергетика - инфрақұрылымдық ұштағанына инженер кадрларын дауындау және инновациялар.*

Пленарлық баяндамалар мен секция отырыстарында Қазақстан экономикасының жетістіктері аталып өтіп, XXI ғасырдағы инженерлік білім мен инновацияларды жүзеге асыру мәселелері талқыланады. Сондай-ақ, бәсекеге қабілетті инженер кадрларды даярлау және XXI ғасырдағы «Табиғат ресурстарының таусылуы», «Су тапшылығы», «Үшінші индустриялық төңкеріс», «Жаһандық энергетикалық қауіпсіздік» сияқты жаһандық сын-қатерлерге қарсы тұру аясында өндірістік мұнай-газ және тау-кен-металлургия, ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар секторларына, нано- және ғарыштық технологиялар, агломерация, көлік, дәстүрлі және альтернативті энергетикаға бағытталған инновацияларды іске асыру және Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының міндеттерін орындау мәселелері талқыланатын болады. Бұл мәселелерді жаңа Бірыңғай экономикалық одақ елдерінде, сондай-ақ әлемдік масштабта шешудің жалпы тұжырымдамалық әдіс-амалдары анықталады.

Форум Бағдарламасында өндірістік кәсіпорындарда инженер кадрлардың қаншалықты сұранысқа ие екендігін сараптау және инновациялық зерттемелерді анықтау, сондай-ақ әлеуетті инвесторлармен келісім-шартқа отыру алаңы болып табылатын Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-дың білім беру және инновациялық әлеуеті, өнеркәсіптік кәсіпорындарының көрмесі ерекше маңызға ие болмақ.

Форум Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің және Қазақстан Республикасы Үкіметі өкілдерінің, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен

Сенат депутаттары, министрліктер мен ведомсталардың басшылары, Алматы қаласы әкімшілігінің, республикалық және шетелдік Ұлттық ғылым академиялары өкілдерінің, ұлттық және шетел ЖОО ректорларының, педагогтары мен ғалымдарының, сондай-ақ компаниялар мен өндірістік кәсіпорындар, корпорациялардың өкілдері қатысумен өткізіледі.

Форум алдына қойған маңызды міндеттерді қабылдай отырып, оның жұмыстарына белсене қатысуға шақырамыз

Форум туралы нақты ақпараттарды [www.kazntu.kz](http://www.kazntu.kz) сайтынан алуға болады.

Форумға қатысу үшін [www.conference.kazntu.kz](http://www.conference.kazntu.kz) сайтында тіркелуді және баяндамаларды келесі электронды поштаға [conference@ntu.kz](mailto:conference@ntu.kz) жіберуді сұраймыз.

### Негізгі даталар

- 15 қыркүйек 2014 ж.** – тіркеу және баяндамаларды қабылдауның соңғы күні
- 22 қазан 2014 ж.** – Халықаралық Форумның ашылуы (Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті - Елбасының Қоры ғимараты, конференцзалы), Пленарлық отырыс, Марапаттау, Секция отырыстары (ҚазҰТУ, таукен-металлургия ғимараты, акт залы)
- 23 қазан 2014 ж.** – Салтанатты жиналыс (Республика сарайы), Секция отырыстары, Халықаралық Форумның жабылуы, резолюция қабылдау (ҚазҰТУ, мұнай ғимараты, конференция залы)

**Ұйымдастыру комитетінің мекен-жайы:** 050013, Алматы қаласы, Сәтбаев, 22, Мұнай ғимараты, Ғылым және инновациялар департаменті.

**Байланыс телефондары:** 8 (727) 257-70-42.

**Факс:** +7(727)2926025.

**Электронды адрес:** [conference@ntu.kz](mailto:conference@ntu.kz).

## **Бағыттар және секциялар**

### **I бағыт. Өндірістік мұнай-газ және тау-кен-металлургия секторларына бағытталған инженерлік кадрлар және инновация**

1. Секция - Өнеркәсіптің мұнайгаз және тау-кен металлургиялық секторлары саласында бәсекеге қабілетті инженерлік білім және ғылымның дамуы: Біріңғай экономикалық одақ елдеріндегі тәжірибелік, «Мәңгілік ел» идеясын іске асыру, потенциалдық және тұжырымдамалық тәсілдеме.
2. Секция - Геологиялық, мұнайгаз және тау-кен металлургиялық өнеркәсіп секторларының инновациялық кластерінің дамуы, кәсіпорындардағы технологиялық міндеттерді шешу және басқа да тәсілдемелер.
3. Секция - Көмірсутектік және минералды шикізаттарды геологиялық барлауда жаңа тәсілдері: отандық және әлемдік тәжірибе.
4. Секция - Пайдалы қазбаларды игеруде тиімді және экологиялық таза технологиялар: отандық және әлемдік тәжірибе.
5. Секция - Біріңғай экономикалық одақ елдеріндегі сирек металдар: шикізат көздері, өндіру және пайдалану.
6. Секция - Минералды және техногенді шикізаттарды қайта өңдеу: отандық және әлемдік тәжірибе.
7. Секция - Сумен қамсызданудағы және сууендеудегі инновациялық технологиялар: отандық және әлемдік тәжірибе.

### **II бағыт. Ақпараттық, телекоммуникациялық, нано- және ғарыштық технологиялар салаларына бағытталған инженерлік кадрлар және инновация**

1. Секция - Ақпараттық, телекоммуникациялық нано- және ғарыштық технологиялар саласындағы қазіргі инженерлік білім және ғылымды дамыту (елімізді тұрақты дамыту стратегиясы, көп жақтылықты дамыту, білім беру бағдарламасын аккредиттеу, ЖОО-ның студенттері мен профессорлік-оқытушы құрамының академиялық мобильділік инженерияға және басқаларға үлесі: Біріңғай экономикалық одақ елдеріндегі тәжірибелік, потенциалдық және тұжырымдамалық тәсілдеме.
2. Секция – Жаңа ақпараттық технологиялар (бұлтты есептеу, икемді және мультимедиялық технологиялар, тілді тану технология, ақпараттық қауіпсіздік және басқа технологиялар): отандық және әлемдік тәжірибе.
3. Секция – Жаңа телекоммуникациялық технологиялар (роботты техника және басқа технологиялар): отандық және әлемдік тәжірибе.
4. Секция - электрондық және лазерлік техникада, медицинада және басқа да тиімді ғылымды қажетсінетін салаларда пайдаланылатын жаңа өндірілген материалдар технологиялары мен нанотехнология: отандық және әлемдік тәжірибе.
5. Секция - Инновациялық ғарыштық технологиялар: отандық және әлемдік тәжірибе.

### **III бағыт. Агломерация, көлік, дәстүрлі және альтернативті энергетика инфрақұрылымдық ұштағанға бағытталған инженерлік кадрлар және инновация**

1. Секция - Агломерация, көлік, энергетика салаларында бәсекеге қабілетті инженерлік білім және ғылымның дамуы: Біріңғай экономикалық одақ елдеріндегі тәжірибелік, потенциалдық және тұжырымдамалық тәсілдеме.
2. Секция - Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және құрылыстағы инжинирингтік шешім: отандық және әлемдік тәжірибе.
3. Секция - Экономика саласында машинажасау және тасымалдау техникасын, құрал-жабдықтарды және стандарттарды дамытудың жаңа тәсілдері (әзірлеу, жобалау, құрастыру және өндіру, өнім сапасының стандартын жетілдіру және басқа тәсілдер): отандық және әлемдік тәжірибе.
4. Секция-Логистикалық қызмет секторы және көлік инфраструктурасын дамытудың жаңа тәсілдері: отандық және әлемдік тәжірибе.
5. Секция - Энергетика үшін инновациялық технологиялар (ядерлік энергетика, ЖЭС қалдықтарын тазарту бойынша, өндіріс пен тұрмыста электроэнергияны үнемдеу және басқа технологиялар): отандық және әлемдік тәжірибе.
6. Секция - Энергия көзін пайдалануға негізделген экономиканы дамытуда жаңа тәсілдер: отандық және әлемдік тәжірибе.

### **БАЯНДАМА МАТЕРИАЛДАРЫН РЕСІМДЕУ ТАЛАБЫ**

Баяндамалар қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде қабылданады.

#### **Мақалаларды рәсімдеуге қойылатын талаптар:**

Мақала көлемі: пайдаланылған әдебиеттер, кестелер, суреттер мен сурет асты жазулар, аңдатпаны қосқанда мәтіні 3-10 бет болуы қажет. Техникалық бағыт бойынша мақаланың ең аз көлемі 5 бет, ал жаратылыс бағыты бойынша 3 бет. Редакцияға қағазға басылған нұсқасымен толық сәйкес келетін мақаланың электронды нұсқасы ұсынылады.

Файл атауы бірінші автордың тегімен жазылуы тиіс (Мыс: Иванов.doc(rtf));  
ӘОЖ коды көрсетіледі.


**Аңдатпа** мәтіннің басында мақала қай тілде жазылса, сол тілде беріледі (100-250 сөз).

Аңдатпа ғылыми шығарманың қысқаша мазмұны болып табылады, онда тақырып пен оның құрылымы жайында жалпылама мәлімет беріледі. Рецензия, конференция есебі немесе сол секілді ақпаратты материалдарға аңдатпа талап етілмейді.

**Түйін сөздер** мақала мазмұнын мүмкіндігінше толық ашуы тиіс. Әр нақты материалға маңызына қарай 5-6 түйін сөз қойыңыз (keywords). Мақаланың ең маңызды деген түйін сөзі тізімнің басында тұруы тиіс. Тізімнің ұқыпсыз я дұрыс жазылмауы осы сұраныстар бойынша сайтымызға біздің жұмысымызға мүлдем қатыссыз бөтен адамдардың кіруіне әкеледі.

Авторлар, авторлар туралы мәліметтер, мақала атауы, аңдатпа мен түйіндеме сөздер мақала жазылған тілде әрі ағылшын тілінде беріледі.

Мәтін Word бағдарламасының кез келген түрімен теріле отырып, CD немесе басқа да тасымалдау құралының көмегімен секцияға жауаптының электронды поштасына жолданады. Мәтін шрифті-Times New Roman, қағаз форматы А4 (210\*297 мм), кегель көлемі- 12. Жолдар арасының интервал – бір. Ені бойынша түзеу. Жаңа жол мөлшері – 0,8 см. Жоғарғы жағы – 2, төменгі жағы – 2, оң жағы – 2, сол жағы – 2. Гарнитура қалыпты. Кестелерде, суреттерде, формулаларда рәміздер мен белгілер әртүрлі мағынаны білдірмеуі керек. Суреттер анық әрі таза болуы тиіс. Суреттер мен мәтіндегі кестелерде сілтемелер болуы қажет.



**1 сурет** – тұлғаның посттравматикалық күйзелуінің өзгеріске енуінің дамуы

Мәтінде формулалар саны мүмкіндігінше аз болуы керек. Формулаларды тиісті редакторлар теруі керек (математика мен химиялық формулалар үшін). Кестелерде атаулар берілуі қажет, онда бос сызбаларға рұқсат етілмейді. Шарттың қысқартулар мен рәміздерді ескертпеде түсіндіріп кету керек.

Иллюстративті материалдар мына форматтарда ұсынылады: фото мен суреттер үшін – tiff немесе jpeg (ақ-қара, түрлі-түстілер үшін 300 dpi), график пен диаграммалар үшін. Суреттің артында не астында автордың тегі, мақаланың атауы мен суреттің нөмірі көрсетіледі. Иллюстрацияның мәтінде көрсетуге болады. Сурет асты жазбалар мақала соңында бөлек тізімде көрсетіледі.

Мақала астындағы жазбаға барлық авторлар қол қояды.

**Пайдаланылған әдебиеттер** тізімі 1-20 атаудан аспауы тиіс. Ол МЕМЛ 7.1 – 2003 «Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Жалпы талаптар мен құрастыру ережелеріне» сәйкес толтырылады. Мақала мәтінде дереккөздерге сілтемелер төртбұрышты белгімен беріледі (сілтемесіз [12], сілтеме толық көрсетілгенде не автор мәтінін қайта көрсеткенде [12, б. 29]). Мақаладағы сілтемелер нөмірі пайдаланылған әдебиеттер тізімінде көрсетілген дереккөздер нөмірінің реті бойынша жүргізіледі. Архив материалдары тізімге енбейді, олардың сілтемесі мәтінде дөңгелек жақшамен беріледі.

Мақала дереккөздерінің қатарында электронды дереккөздер, интернет ресурстары қолданылған жағдайда, пайдаланылған әдебиеттер тізімінде ол деректердің интернеттегі адресі толық көрсетіледі. Ресурсқа кірген кездегі мерзімі де көрсетілгені мақұл.

**Конференция мен жинақ еңбектерінің материалдары үшін және т.б.:** Авторлардың тегі мен аты жөні. Мақала атауы // Басылым атауы: Басылым түрі. – Орны, басылған жылы. – Том. – Нөмірі. – Беттері.

Үлгісі:

Приходько Н.Г., Лесбаев Б.Т., Ченчик Д.И., Нажипкызы М., Мансуров З.А.  
Төмен қысымдағы жалында көміртекті нанокұрылымның синтезі //VI Халықаралық

**1 сурет** – тұлғаның посттравматикалық күйзелуінің өзгеріске енуінің дамуы

Мәтінде формулалар саны мүмкіндігінше аз болуы керек. Формулаларды тиісті редакторлар теруі керек (математика мен химиялық формулалар үшін). Кестелерде атаулар берілуі қажет, онда бос сызбаларға рұқсат етілмейді. Шарттың қысқартулар мен рәміздерді ескертпеде түсіндіріп кету керек.

Иллюстративті материалдар мына форматтарда ұсынылады: фото мен суреттер үшін – tiff немесе jpeg (ақ-қара, түрлі-түстілер үшін 300 dpi), график пен диаграммалар үшін. Суреттің артында не астында автордың тегі, мақаланың атауы мен суреттің нөмірі көрсетіледі. Иллюстрацияның мәтінде көрсетуге болады. Сурет асты жазбалар мақала соңында бөлек тізімде көрсетіледі.

Мақала астындағы жазбаға барлық авторлар қол қояды.

**Пайдаланылған әдебиеттер** тізімі 1-20 атаудан аспауы тиіс. Ол МЕМЛІ 7.1 – 2003 «Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Жалпы талаптар мен құрастыру ережелеріне» сәйкес толтырылады. Мақала мәтінде дереккөздерге сілтемелер төртбұрышты белгімен беріледі (сілтемесіз [12], сілтеме толық көрсетілгенде не автор мәтінін қайта көрсеткенде [12, б. 29]). Мақаладағы сілтемелер нөмірі пайдаланылған әдебиеттер тізімінде көрсетілген дереккөздер нөмірінің реті бойынша жүргізіледі. Архив материалдары тізімге енбейді, олардың сілтемесі мәтінде дөңгелек жақшамен беріледі.

Мақала дереккөздерінің қатарында электронды дереккөздер, интернет ресурстары қолданылған жағдайда, пайдаланылған әдебиеттер тізімінде ол деректердің интернеттегі адресі толық көрсетіледі. Ресурсқа кірген кездегі мерзімі де көрсетілгені мақұл.

**Конференция мен жинақ еңбектерінің материалдары үшін және т.б.:** Авторлардың тегі мен аты жөні. Мақала атауы // Басылым атауы: Басылым түрі. – Орны, басылған жылы. – Том. – Нөмірі. – Беттері.

Үлгісі:

Приходько Н.Г., Лесбаев Б.Т., Ченчик Д.И., Нажипқызы М., Мансуров З.А. Төмен қысымдағы жалында көміртекті нанокұрылымның синтезі //VI Халықаралық симпозиум: Көміртекті материалдардың физикасы мен химиясы / Наноинженерия. – Алматы, 2010. – Б. 134-138.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі мақала қай тілде жазылса, сол тілде әрі жалпы қабылданған латын әріптерімен беріледі. Яғни, түпнұсқадағы тілде жазылған пайдаланылған әдебиеттер тізіміне пайдаланылған әдебиеттердің латынша терілген нұсқасы да қосылады.

**Түйіндеме** (егер мақала қазақ тілінде жазылса) орыс және ағылшын тілдерінде жазылады.

Онда автордың аты-жөні, мақала атауы және зерттеу мазмұнын толық беретіндей қысқаша мазмұны келтіріледі (5-6 жол). Түйін сөздерді (keywords) әр түйіндемеден кейін қайталап беріп отыруды өтінеміз.

**Авторлар жайында мәліметтер**

Қолжазбаға мыналар қосылу тиіс:

1) Мақала авторларының әрқайсысы жайында анықтама. Онда аты жөндері, әкесінің аты, ғылыми деңгейі, ғылыми атағы, негізгі жұмыс орны, лауазымы, үй,

қызмет немесе мобильді телефон нөмірі, электронды және пошта адресі көрсетілуі тиіс (редакциямен байланыс үшін);

2) Редактордың жауабын немесе корректураға жіберу секілді басқа да туындаған сұрақтарды авторлардың қайсысына бағыттау туралық мәлімет.

### **Мақаланы рәсімдеудің үлгісі**

- ӘОЖ
- Ортасына келтірілетін мәліметтер
- Авторлардың аттары мен тегі (мыс.: Иванов И.В., Крылов С.П.)
- Авторға тән мекеменің толық атауы (қала мен мемлекет көрсетіледі).

Егер авторлар әртүрлі мекемелерден болса, автор мен мекеме арасында сөйлем асты индекс қойылады, мысалы:

ӘОЖ

Иванов И.В.<sup>1</sup>, Крылов С.П.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Қ.И.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық университеті

<sup>2</sup>Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық техникалық университеті

Алматы қ., Қазақстан Республикасы

[ivanov@mail.ru](mailto:ivanov@mail.ru)

### **ТӨМЕН ҚЫСЫМДАҒЫ ЖАЛЫНДА КӨМІРТЕКТІ НАНОҚҰРЫЛЫМНЫҢ СИНТЕЗІ**

- Аңдатпа
- Түйін сөздер
- Мақала мәтіні
- Әдебиеттер (АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ДЕ БЕРІЛУІ ТИІС)

Мақала астында қалған екі тілде аударма беріледі (кезек бойынша): Авторлардың аты-жөні, мақала атауы, түйіндеме мен түйін сөздер (шрифт көлемі негізгіден 2 кегельге кіші болады)

Авторлар жайлы мәліметтер

Ғылым докторының рецензиясы



**ТІРКЕУ ФОРМАСЫ**

Тегі \_\_\_\_\_

Аты \_\_\_\_\_

Әкесінің аты \_\_\_\_\_

Ғылыми дәрежесі \_\_\_\_\_

Мекен жайы \_\_\_\_\_

Жұмыс орны, қызметі \_\_\_\_\_

E-mail \_\_\_\_\_

Факс \_\_\_\_\_

Телефон \_\_\_\_\_

Мақала атауы \_\_\_\_\_

Секция атауы \_\_\_\_\_

Секция бөлімшесінің атауы \_\_\_\_\_

Авторлар \_\_\_\_\_